

## Салықтық тексерулер бойынша тексеру парақтарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 18 сәуірдегі № 254 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 15 мамырдағы № 200 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 15 маусымда № 15224 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Салықтық тексерулер бойынша тексеру парақтары:

осы бірлескен бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес кешенді немесе тақырыптық салықтық тексерулер бойынша;

осы бірлескен бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес қарсы салықтық тексерулер бойынша;

осы бірлескен бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес жекелеген мәселелер жөніндегі тақырыптық салықтық тексерулер бойынша;

осы бірлескен бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес хронометраждық зерттеп-тексеру бойынша бекітілсін.

2. "Салықтық тексерулер бойынша тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы № 25 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 40 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10319 болып тіркелген, 2015 жылғы 2 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрықтың мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолдануын;

4) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Қаржы	Республикасының министрі	Қазақстан Ұлттық	экономика	Республикасының министрі
_____ Б. Сұлтанов		_____ Т. Сүлейменов		

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының Құқықтық  
статистика және арнайы есепке алу  
жөніндегі комитетінің Төрағасы  
\_\_\_\_\_ Б. Мусин  
2017 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2017 жылғы 18 сәуірдегі  
№ 254 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2017 жылғы 15 мамырдағы  
№ 200 бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

## Кешенді немесе тақырыптық салықтық тексерулер бойынша ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерістер енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 01.06.2018 № 560 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2018 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган

Нұсқама \_\_\_\_\_

(№, күні)

Салық төлеушінің (салық агентінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)  
немесе атауы

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН/ЖСН) \_\_\_\_\_

Орналасқан мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі *	Талап етілмейді *	Талаптарға сәйкес келеді*	Талаптарға сәйкес келмейді*
1	2	3	4	5	6
1	Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің мынадай түрлері бойынша салық міндеттемелерін орындау мәселесі жөніндегі Қазақстан Республикасының салық заңнамасын сақтау				
1.1	корпоративтік табыс салығы				
1.2	жеке табыс салығы				
1.3	қосылған құн салығы				
1.4	акциздер				
1.5	экспортқа рента салығы				
1.6	жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары				
1.7	әлеуметтік салық				
1.8	көлік құралы салығы				
1.9	жер салығы				
1.10	мүлік салығы				
1.11	ойын бизнесі салығы				
1.12	тіркелген салық				
1.13	бірыңғай жер салығы				
1.14	мемлекеттік баж				
1.15	тіркеу алымдары				
1.16	автокөлік құралының Қазақстан Республикасы аумағымен жүргені үшін алым				
1.17	Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 01.06.2018 № 560 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2018 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.				

1.18	жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым				
1.19	телевизия және радио тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат беру үшін алым				
1.20	азаматтық авиация саласындағы сертификаттау үшін алым				
1.21	жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемақы				
1.22	үстіңгі көздерден су ресурсын пайдаланғаны үшін төлемақы				
1.23	қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы				
1.24	жануарлар әлемін пайдаланғаны үшін төлемақы				
1.25	орманды пайдаланғаны үшін төлемақы				
1.26	ерекше қорғалатын табиғи аумақты пайдаланғаны үшін төлемақы				
1.27	радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы				
1.28	қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы				
1.29	Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 01.06.2018 № 560 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2018 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.				
1.30	сыртқы (көрінетін) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы				
2	Әлеуметтік төлемдердің толық және уақтылы есептелуі, ұсталуы және аударылуын қамтамасыз етуді сақтау				
3	Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 01.06.2018 № 560 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2018 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.				
4	Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 01.06.2018 № 560 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2018 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.				
5	Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың келесі міндеттерді орындауды сақтау:				
5.1	Салық төлеуші заңды тұлғаға, оның құрылымдық бөлімшелеріне, дара кәсіпкер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаға, шетелдік пен азаматтығы жоқ адамға банктік шоттар ашқан кезде не банктің қайта ұйымдастырылуына байланысты банктік шоттағы жеке сәйкестендіру коды өзгерген кезде уәкілетті органды хабардар ету бойынша міндетті сақтау				
5.2	Уәкілетті органға банктік шоттардың бар екендігі, нөмірлері туралы және бұл шоттардағы ақша қалдықтары туралы мәліметтерді, сондай-ақ өзге мүліктің, оның ішінде металл шоттарда орналастырылған немесе бейрезидент жеке тұлғалардың, бейрезидент заңды тұлғалардың, сондай-ақ бейрезиденттер бенефициарлық меншік иелері болып табылатын заңды тұлғалардың басқаруындағы өзге мүліктің бар екендігі, түрі және құны туралы мәліметтерді				

	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде ұсыну бойынша міндеттерді сақтау				
5.3	Уәкілетті органның сұрау салуы бойынша банктік шоттардың бар екендігі, нөмірлері туралы және осы шоттардағы ақша қалдықтары туралы мәліметтерді, сондай-ақ өзге мүліктің, оның ішінде металл шоттарда орналастырылған немесе шет мемлекеттің уәкілетті органы Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес жіберген сұрау салуында көрсетілген жеке және заңды тұлғалардың басқаруындағы өзге мүліктің бар екендігі, түрі және құны туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде ұсыну бойынша міндеттерді сақтау				
5.4	Төлем құжаттарында сәйкестендіру нөмірі жоқ банктік шоттар бойынша операцияларды жүргізбеу жөнінде міндетті сақтау				
5.5	Салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік төлемдерді аударуға арналған төлем құжаттарын қабылдау кезінде сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру қағидаларына және уәкілетті мемлекеттік органның деректеріне сәйкес сәйкестендіру нөмірінің дұрыс көрсетілуін бақылау бойынша міндетті сақтау				
5.6	Жеке тұлғалардың көлік құралдарына салық төлеген төлем құжаттарын қабылдау кезінде жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша уәкілетті органның деректеріне сәйкес көлік құралының сәйкестендіру нөмірінің дұрыс көрсетілуін бақылау бойынша міндетті сақтау				
5.7	Салық төлеушінің банк шоттарының жабылғаны туралы уәкілетті органның хабарлауы бойынша міндетті сақтау				
5.8	Дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға берілген кредит (қарыз) бойынша сыйақыны есепке жазуды тоқтата тұру арқылы осындай сыйақы түріндегі кірістерді тану тоқтатылған кезде, уәкілетті органды хабардар ету бойынша міндетті сақтау				
5.9	Клиентке қойылатын барлық талаптарды қанағаттандыруға клиенттің банк шоттарындағы ақшасы жеткілікті болған кезде, бірінші кезектегі тәртіппен банк шотынан салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша салық төлеушінің төлем тапсырмасын және салық берешегінің сомасын өндіріп алу туралы салық органдарының инкассалық өкімдерін орындау бойынша міндетті сақтау				
5.10	Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, әлеуметтік төлемдердің сомаларын мерзімінде аудару бойынша міндетті сақтау				
5.11	Нұсқамасы болған кезде, дара кәсіпкер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор ретінде тіркеу есебінде тұрған, тексерілетін жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның банк шоттары бойынша ақшасының				

	бар-жоғын және жасалатын операцияларын тексеруге салық органдарының лауазымды адамына рұқсат беру бойынша міндетті сақтау				
5.12	Салық кодексінде көзделген жағдайларда, салық органының шешімі бойынша, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен дара кәсіпкер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаның, заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің банк шоттарындағы (корреспонденттік шоттарын қоспағанда) барлық шығыс операцияларын тоқтату туралы міндетті сақтау				
5.13	Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес міндеттеме тоқтатылған күнге дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлға немесе заңды тұлға болып табылатын қарыз алушыға берілген кредиттер (қарыздар) бойынша міндеттемелердің тоқтатылуы кезінде қарыз алушының орналасқан (тұрғылықты) жеріндегі салық органына тоқтатылған міндеттеменің мөлшері туралы хабардар етуге міндетті сақтау				
5.14	Салық агентінің орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салық органдарына банк сыйақыларын есептегені туралы есеп пен мәліметтерді беру туралы міндетті сақтау				
5.15	салық органының сауал салуын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде банктік шоттарының бар-жоғы және нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдығы және қозғалысы туралы мәліметтерді ұсыну туралы міндетті сақтау				
5.16	Әрекетсіз деп танылған салық төлеушіге және осы банкте ашылған, салық органдары инкассолық өкімдер немесе салық төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдер шығарған банк шоты бар салық төлеушіге банк шоттарын (корреспонденттік шоттарды, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер алуға арналған банк шоттарын қоспағанда) ашудан бас тартуда міндеттерді сақтау				
6	Трансферттік баға белгілеуді сақтау				
6.1	Халықаралық іскерлік операциялар бойынша трансферттік баға белгілеуді сақтау				
6.2	Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық іскерлік операциялармен тікелей өзара байланысты жасалатын мәмілелер бойынша трансферттік баға белгілеуді сақтау				
7	Салық төлеуші (салық агенті) мен оның дебиторлары арасындағы өзара есеп айырысуды айқындау				

8	Халықаралық шарттардың (келісімдердің) ережелерін қолдану заңдылығын сақтау				
9	Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының дұрыстығын растау				
10	Төленген табыс салығын резидент еместің салықтық өтінішінің және қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттың негізінде бюджеттен немесе шартты банк салымынан қайтару дұрыстығын сақтау				
11	Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің өндірілуін және айналымын, сондай-ақ авиациялық отынның, биоотынның, мазуттың айналымын мемлекеттік реттеуді сақтау				
11.1	Салық салу объектілерінің бухгалтерлік және салықтық есебінде көрсетілгенін анықтау үшін салық төлеушінің мүлкіне (тұрғын үй-жайлардан басқа) түгендеу жүргізу				
11.2	Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларының болуын және төлнұсқалығын сақтау				
11.3	Түгендеу тізімі мен бухгалтерлік есеп тіркелімдері деректерінің арасында айырмашылықтың болмауын сақтау				
11.4	Жазып берілген ілеспе жүкқұжаттары мен бухгалтерлік есеп тіркелімдері деректерінің арасында айырмашылықтың болмауын сақтау				
11.5	Жазып берілген ілеспе құжаттары мен жазып берілген шот-фактура арасындағы айырмашылықтардың болмауын сақтау				
11.6	Пин кодтар бөлігінде ілеспе жүкқұжаттары бойынша кіріс пен шығыстарын анықтау				
11.7	Өндіру және айналым декларациялары мен ілеспе жүкқұжаттары деректерінің арасындағы айырмашылықтарды анықтау				
11.8	Мұнай сақтау базаларында және АЖҚС-да журналдардың болуын сақтау және айырмашылықтарды анықтау				
12	Соттың заңды күшіне енген үкімінің немесе қаулысының негізінде жалған кәсіпорын деп танылған салық төлеушімен жасасқан операциялар бойынша салық міндеттемелерін айқындау				
13	Сот жасалуын іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтер көрсетпей, тауарларды тиіп-жөнелтпей жүзеге асырылды (асырылған) деп таныған шот-фактура жазып беру бойынша әрекет (әрекеттер) бойынша салық міндеттемесін сақтау				
14	Камералдық бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы мемлекеттік кірістер органдарының хабарламасын салық төлеушінің (салық агентінің) орындамау				
15	Салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық тексерудің нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) жоғары тұрған салық органының хабарламаға шағымды қарау				

	нәтижелері бойынша шығарылған шешіміне салық төлеушінің (салық агентінің) шағымында жазылған мәселелер бойынша шағымын қарау мәселелері бойынша				
16	Төленген табыс салығын бюджеттен немесе қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес шартты банк салымынан қайтаруға бейрезиденттің салықтық өтінішін қайта қарау туралы өтінішін қарау				
17	Белгіленген тәртіпте бекітілген салықтық есепке алу саясатының болуын сақтау				
18	Белгіленген тәртіпте бекітілген салықтық тіркелімдердің болуын сақтау				
19	Шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті алғаны және жұмсағаны туралы салық органдарын хабардар етуге және мәліметтерді салық органдарына ұсыну, содан басқа шет мемлекеттердің, халықаралық және шетелдік ұйымдардың, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың қаражаты есебінен жариялайтын, тарататын және (немесе) орналастыратын ақпарат пен материалдарда тапсырыс берген тұлғалар туралы мәліметтер, ақпарат пен материалдардың орналастырылғаны туралы нұсқауын қамтылу бойынша міндеттерді сақтау				
20	Ірі салық төлеушілер мониторингі шеңберінде уәжді шешімді орындауды сақтау				

Ескерту:

\* Талаптар тізбесіне қосу (+) белгісімен белгі қойылады.

4-бағанда қосу (+) белгісі қойылған жағдайда, 5, 6-бағандар толтырылмайды.

Лауазымды тұлға (тұлғалар) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (лауазымы) (қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

\_\_\_\_\_ (лауазымы) (қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Тексерілетін субъектінің басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы) (қолы)

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2017 жылғы 18 сәуірдегі  
№ 254 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2017 жылғы 15 мамырдағы  
№ 200 бірлескен бұйрығына  
2-қосымша



## Қарсы салықтық тексерулер бойынша ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерістер енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 01.06.2018 № 560 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2018 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Нұсқама \_\_\_\_\_

(№, күні)

Салық төлеушінің (салық агентінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) немесе атауы

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН/ЖСН)

\_\_\_\_\_

Орналасқан мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі *	Талап етілмейді *	Талаптарға сәйкес келеді*	Талаптарға сәйкес келмейді*
1	2	3	4	5	6
1	Салық органы, оған қатысты кешенді немесе тақырыптық тексеру жүргізіп жатырған салық төлеушімен (салық агентімен) операцияларды жүзеге асыратын тұлғалардан операциялардың мазмұны мен фактілерді растау операциялары туралы қосымша ақпарат алу				
	Тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын , салық немесе құқық қорғау органдары арасындағы өзара				

2	ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарға (келісімдерге), сондай-ақ Қазақстан Республикасы халықаралық ұйымдармен жасасқан шарттарға сәйкес, оларға қатысты басқа мемлекеттердің салық немесе құқық қорғау органдарының, халықаралық ұйымдардың сұрауы келіп түскен салық төлеушіден (салық агентінен) қосымша ақпараттар алу				
3	Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған қосылған құн салығы бойынша салық міндеттемесі жөнінде және осындай операцияларға байланысты бұзушылықтарды жоймаған не осындай бұзушылықтардың жоқтығын растай алмайтын түсініктеме ұсынған салық төлеушімен (салық агентімен) жасалатын операцияларды жүзеге асыратын тұлғалардан қосымша ақпарат алу				
4	Тексерілетін салық төлеушінің бухгалтерлік есепте және салық есептілігінде өзара есеп айырысуларды көрсетуі				

Ескерту:

\* Талаптар тізбесіне қосу (+) белгісімен белгі қойылады.

4-бағанда қосу (+) белгісі қойылған жағдайда, 5, 6-бағандар толтырылмайды.

Лауазымды тұлға (тұлғалар) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (лауазымы) (қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

\_\_\_\_\_ (лауазымы) (қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))  
Тексерілетін субъектінің басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы) (қолы)

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2017 жылғы 18 сәуірдегі  
№ 254 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2017 жылғы 15 мамырдағы  
№ 200 бірлескен бұйрығына  
3-қосымша

## Жекелеген мәселелер жөніндегі тақырыптық салықтық тексерулер бойынша ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ

Ескерту. 3-қосымшаға өзгерістер енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 01.06.2018 № 560 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.06.2018 № 212 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) бірлескен бұйрығымен.

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган

Нұсқама \_\_\_\_\_

(№, күні)

Салық төлеушінің (салық агентінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) немесе атауы \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН/ЖСН) \_\_\_\_\_

Орналасқан мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі *	Талап етілмейді *	Талаптарға сәйкес келеді*	Талаптарға сәйкес келмейді*
1	2	3	4	5	6
1	Мемлекеттік кірістер органдарында тіркеу есебіне қою				
2	Импортталатын тауарларға тауар-көлік жүкқұжатының болуы және көліктік бақылау немесе жол полициясы бекеттерінде көлік құралдарын тексеру кезінде тауар-көлік жүкқұжаттарында көрсетілген деректерімен тауар атауларының сәйкестігі				
3	Бақылау-касса машинасының болуы				
4	Төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді жүзеге асыруға арналған жабдықтың (құрылғының) болуы				
5	Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларының болуы және төлнұсқалығы, алкоголь өніміне, мұнай өнімдеріне және биоотынға ілеспе жүкқұжаттарының болуы және төлнұсқалығы, лицензияның болуы				
6	Бақылау-касса машиналарын қолдану тәртібін сақтау				
6.1	Ақшалай есеп айырысулар кезінде бақылау-касса машиналарын қолдануды сақтау				

6.2	Тауар, жұмыс, көрсетілген қызметтер үшін төленген сомаға бақылау-касса машинасының чегін немесе тауар чегін беруді сақтау				
6.3	Бақылау-касса машинасының фискалды чегінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген деректемелердің толық көрсетілуін сақтау				
6.4	Бақылау-касса машиналарын пайдалану орны бойынша мемлекеттік кірістер органдарында есепке қою дұрыстығын сақтау				
6.5	қолма-қол ақша есебінің кітабын және тауар чектері кітабының болуын, толықтығын және дұрыстығын сақтау				
7	Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасын және акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін өндіру, сақтау және өткізу шарттарын сақтау				
7.1	Лицензиарға өндіру көлемі туралы ақпаратты автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін есепке алудың бақылау аспаптарының болуын сақтау				
7.2	Этил спиртін өндіруге арналған шикізатты сақтауға, дайындауға (өңдеуге) арналған қойманың болуын сақтау				
7.3	Уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне нақты уақыт режимінде алкоголь өнімінің өндірілу көлемі туралы деректердің автоматты түрде берілуін қамтамасыз ететін іркіліссіз электр энергиясының коректендіру көздерімен жарактандырылған есепке алудың бақылау аспаптарының болуын сақтау				
7.4	Алкоголь өнімін өндіруге арналған шикізатты сақтауға, дайындауға (өңдеуге) арналған қойманың болуын сақтау				
7.5	Мәлімделген қойма үй-жайларында алкоголь өнімдерін сақтау және көтерме саудамен сату бойынша қызметті жүзеге асыратын екі және одан да астам лицензиаттың болуы немесе болмауын сақтау				
7.6	сақтау				
7.7	Өндіріс паспортында көрсетілген және өндіріс паспортында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келетін, өтініш берушіге меншік құқығында немесе өзге құқықтағы темекі өнімдерін өндіру үшін қажетті ғимараттар мен үй-жайлар болуын сақтау				
7.8	Темекі өнімдерінің өндірісін технологиялық бақылау бойынша зертханалардың болуын сақтау				
8	Касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы мемлекеттік кірістер органдары шығарған өкімнің орындалуын сақтау				
9	Электрондық нысанда шот-фактураларды жазып беру тәртібін сақтау				
10	Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылуына байланысты кедендік баждардың төмендетілген мөлшерлемелері қолданылатын тауарлар тізбесіне енгізілген тауарлар қалдықтарының болуын растау				

11	<p>Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тауарларды алып өткен, өткізген және (немесе) тиіп-жөнелткен кезде; Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі - ЕАЭО) мүше болып табылмайтын мемлекеттердің және ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелген кезде; Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше болып табылмайтын мемлекеттердің және ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағына тауарларды әкеткен кезде тауарларға ілеспе жүкқұжаттардың болуы және тауарлар атауының, санының (көлемінің) тауарларға ілеспе жүкқұжаттарда көрсетілген мәліметтерге сәйкес келуі</p>				
12	<p>Тауар жеткізу құжаты негізінде аймақтық мемлекеттік кірістер органының мөрімен расталған электрондық шот-фактураның көшірмесінің, Қазақстан Республикасы аумағынан ЕАЭО басқа мүше мемлекеттердің аумағына баждың төмендетілген мөлшері және сондай мөлшерлердің көлемі қолданылатын Тізбеге кіретін тауарларды жеткізу кезінде және де келесі құжаттардың бірінің болуын растау:</p> <p>1) аймақтық мемлекеттік кірістер органының мөрімен расталған кедендік декларацияның көшірмесі – бұдан бұрын үшінші мемлекеттерден ЕАЭО бірыңғай кедендік тарифінің мөлшерімен енгізілген тауарлардың жеткізу кезінде;</p> <p>2) СТ-1 нысанындағы тауарлардың шығу сертификатының түпнұсқасы – Қазақстан Республикасы аумағында шығарылған тауарларды жеткізу кезінде;</p> <p>3) СТ-KZ нысанындағы тауарлардың шығу сертификатының түпнұсқасы - ерікті қоймалар және ерікті экономикалық зона аумақтарында шығарылған тауарларды жеткізу кезінде;</p> <p>4) тауарларды жеткізу және жанама салықтарды төлеу туралы арыздың көшірмесі - ЕАЭО басқа мүше мемлекеттерден бұдан бұрын енгізілген тауарларды жеткізу кезінде</p>				

Ескерту:

\* Талаптар тізбесіне қосу (+) белгісімен белгі қойылады.

4-бағанда қосу (+) белгісі қойылған жағдайда, 5, 6-бағандар толтырылмайды.

Лауазымды тұлға (тұлғалар) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (лауазымы) (қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

\_\_\_\_\_ (лауазымы) (қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Тексерілетін субъектінің басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы) (қолы)

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің

2017 жылғы 18 сәуірдегі  
№ 254 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2017 жылғы 15 мамырдағы  
№ 200 бірлескен бұйрығына  
4-қосымша

## Хронометраждық зерттеп-тексеру бойынша ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган

---

---

---

---

---

Нұсқама \_\_\_\_\_

(№, күні)

Салық төлеушінің (салық агентінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)  
немесе атауы

---

---

---

---

---

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН/ЖСН)

---

Орналасқан мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі *	Талап етілмейді *	Талаптарға сәйкес келеді*	Талаптарға сәйкес келмейді*
1	2	3	4	5	6
1.	Табыс алуға бағытталған қызметке байланысты іс жүзіндегі кірістер мен іс жүзіндегі шығыстарды анықтау				

Ескерту:

\* Талаптар тізбесіне қосу (+) белгісімен белгі қойылады.

4-бағанда қосу (+) белгісі қойылған жағдайда, 5, 6-бағандар толтырылмайды.

Лауазымды тұлға (тұлғалар) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

\_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Тексерілетін субъектінің басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы) (қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК